

«Активті төлем» науқанының ЕРЕЖЕЛЕРІ

Науқанды ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ:

«Кселл» АҚ (бұдан әрі Компания немесе Ұйымдастырушы)

«Активті төлем» науқаны – Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының Алматы қаласында өткізетін науқан (бұдан әрі - Науқан).

Науқан 2016 жылдың 10 қарашасынан 2017 жылдың 31 қаңтарына дейін (қоса) өткізіледі.

Науқанға жеке тұлғаға тіркелген абоненттік нөмірлері бар, 18 жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматтары немесе Қазақстан Республикасында ықтиярхаты бар азаматтар болатын, Activ абоненттері қатыса алады. Ұйымдастырушының қызметкерлері, жақын туыстары (жұбайы, ата-атанасы, қызы, ұлы, асырап алушылары, асырап алған ұл-қыздары, бірге туған және бірге тұмаған аға-інілері мен сіңлі-қарындастары, атасы, әжесі, немерелері), Ұйымдастырушының дилерлері/дистрибьюторлары мен олардың қызметкерлері, «SMSBUS» (СМСБАС) ЖШС қызметкерлері және олардың үлестес тұлғалары және де жарнамалық агенттер мен Науқанға қатысты немесе Науқанды өткізуге қатысатын басқа агенттіктердің қызметкерлері және жоғарыда аталған барлық тұлғалардың жақын туыстары Науқанға қатыса АЛМАЙДЫ.

1. Науқанды өткізу шарттары:

01.11.2016 ж. мен 31.01.2017 ж. аралығында келесі Қызметтер бойынша абоненттік нөмірдің дербес шотынан төлем жүргізген Activ Абоненттері (бұдан әрі - Қатысушылар) Науқанға қатысады:

- Алматы қ. қоғамдық көлікте жолақысын төлеу;
- Алматы қ. көлік тұрағының ақысын төлеу.

Науқанға қатысу мақсатында көрсетілген кезеңде әр күнтізбелік айдың ішінде абонент 01.11.2016 ж. мен 31.01.2017 ж. аралығында төлеген төлемдердің саны есепке алынады.

Науқанның нәтижелері жоғарыда көрсетілген Қызметтердің әрбір түрі бойынша әр күнтізбелік ай аяқталған күннен бастап, 10 жұмыс күні ішінде жарияланады. Жүлдегерлер random.org сайтының көмегімен кездейсоқ анықталады.

2. НАУҚАННЫҢ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН АНЫҚТАУ:

2.1 Науқанның Жүлдегерлерін анықтау үшін Ұйымдастырушы Науқанға қатысу шарттарына сай келетін Қатысушылардың тізімін қалыптастырады.

2.2 Жүлдегерлер random.org сайтының көмегімен кездейсоқ анықталады. Жүлдегерді анықтау үшін Қатысушылардың төлем нөмірлерінің тізімі жүктеледі. Galaxy S7 edge LTE Black 32 GB телефондарының ұтыс ойынының қорытындылары (бұдан әрі – «Жүлде») Ұйымдастырушының жауапты жұмыскерлері қолын қоятын, хаттамамен рәсімделеді.

2.3 Негізгі жүлдегерлерді анықтағаннан кейін, Ұйымдастырушы Науқанның Жүлдесіне 3 резервтік Жүлдегерден тұратын, резервтік Жүлдегерлердің тізімін анықтайды.

2.4 Науқанның Жеңімпазы Науқанды өткізу кезеңінде әр күнтізбелік ай аяқталған күннен бастап, 10 жұмыс күні ішінде анықталады. Жеңімпаз хабарлағаннан кейін, екі жұмыс күнінің ішінде жүлдені өзінің тұрғылықты жеріне ең жақын Компанияның Кселл орталығынан алып кету тиіс. Жеңімпаз көрсетілген уақытта келмесе және/немесе Жеңімпаз осы Ережелердің

шарттарына сай келмесе, жүлде Ережелердің шарттарына сәйкес, тізім бойынша бірінші тұрған резервтік жүлдегерге беріледі.

Бірінші резервтік жүлдегер көрсетілген уақытта келмеген және/немесе осы Ережелердің шарттарына сай келмеген жағдайда, жүлде екінші резервтік жүлдегерге беріледі. Екінші резервтік жүлдегер көрсетілген уақытта келмеген және/немесе осы Ережелердің шарттарына сай келмеген жағдайда, жүлде үшінші резервтік жүлдегерге беріледі.

2.5. Егер жүлдегер деп танылған Қатысушы осы Ережелердің «Жұлделерді табыстау» бөліміндегі құжаттарды Ұйымдастырушыға осы 3.1. тармақанда көрсетілген мерзімде ұсынбаса, ол Науқанға Қатысушылардың тізімінен алынып тасталады және жүлдені алу құқығын жоғалтады.

2.6. Жұлдегерлердің тегі мен атының, әкесінің атының бас әріптері көрсетілген Науқан қорытындысы Ұйымдастырушының ресми сайтында <http://www.activ.kz>. Жаңалықтар бөлімінде жарияланады және де Facebook, VK әлеуметтік желілерінде конкурс постының астындағы пікірлерде жарияланады.

3. ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІҢ ЖҮЛДЕ АЛУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

3.1 Ұйымдастырушының өкілдері Науқанның әрбір жүлдегерімен нәтижелер белгілі болған сәттен бастап, бір жұмыс күні ішінде Абонент пен оның жеке басын куәландыратын құжат туралы ақпаратты алу және Жұлдені табыстау үшін шақыру үшін төлем жүргізілген абоненттік нөмір бойынша қоңырау шалу және СМС-хабарлама арқылы байланысады. Жұлдегер деп танылған Науқанға қатысушының табыстауға қатысуы міндетті. Қандай да бір себептерге байланысты жүлдегер деп танылған Науқанға қатысушы Ұйымдастырушы көрсеткен уақытта келе алмаса, жүлде резервтік жүлдегерге беріледі.

3.2 Ұйымдастырушының өкілдері қандай да бір себептерге байланысты осы Ережелердің 3.1. тармағында көрсетілген уақыт ішінде Жеңімпазбен байланыса алмаса, Ұйымдастырушының өкілдері резервтік тізімнен келесі жеңімпазды анықтайды.

3.3 Жұлде Науқанға қатысқан абоненттік нөмірдің тіркелген абоненті болатын және осы Ережелердің 4.1 тармағының шарттарын орындаған Жұлдегерге ғана беріледі.

3.4 Жеңімпаз кез келген себептерге байланысты жүлдені қажет етпесе немесе алудан бас тартса және де осы Ережелердің 2.4 тармағында көзделген жағдайда, Ұйымдастырушы осы Ережелердің 2 бөліміне сәйкес жаңа Жеңімпазды анықтауды қоса, қажет етілмеген жүлдеге өз бетімен билік ету құқығын өзіне қалдырады.

3.5 Жеңімпаз осы Ережелерде көзделген шарттарды орындамаса, Жария шарттың, қолданыстағы заңнаманың шарттарын бұзса, Ұйымдастырушы Жеңімпазға жүлдені беруден бас тартуға құқылы.

3.6 Осы Ережелерге сәйкес, жұлделердің жалпы саны Жұлдегер ретінде жарияланған Қатысушылардың арасында бөлістірілгеннен кейін, кез келген басқа Қатысушылардың Науқанға қатысты талаптары қабылданбайды.

3.7 Жұлдені ұтып алған абоненттің жүлдені алудан бұрын оны басқа тұлғаларға табыстау құқығы жоқ.

3.8 Осы Ережелердің 4 бөлімінде көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Ұйымдастырушы жүлдегерге жүлдені беруден бас тартуға құқылы.

4. ЖҮЛДЕЛЕРДІ ТАБЫСТАУ:

4.1. Жұлдені алу үшін жүлдегер:

4.1.1. Ұтыс туралы SMS-хабарламаны көрсету;

4.1.2. ЖСН көрсетілген, жеке басын куәландыратын құжатты ұсыну тиіс.

5. ЖҮЛДЕЛЕРДІ ОЛАРДЫҢ ҚҰНЫНЫҢ АҚШАЛАЙ БАЛАМАСЫМЕН АУЫСТЫРУ МҮМКІНДІГІ:

5.1. Осы Науқан аясында жүлделерді ақшалай баламамен ауыстыру көзделмеген.

6. НАУҚАННЫҢ ҚОСЫМША ШАРТТАРЫ:

6.1. Осы Науқанды өткізу ережелері activ.kz сайтында берілген.

6.2. Ұйымдастырушы activ.kz сайтында тиісті ақпарат орналастырып, осы Науқанның шарттарын өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

6.3. Науқанды Ұйымдастырушы келесілер үшін жауапкершілікті көтермейді:

6.3.1. Науқан қатысушыларының кінәсі бойынша немесе Ұйымдастырушыға байланысты емес себептерге байланысты Науқан жүлделерін алуға қажетті деректерді/құжаттардың уақтылы алынбауы/алынбауы;

6.3.2. Осы Ережелерде көзделген міндеттердің Науқан қатысушыларының уақтылы орындамауы/орындамауы;

6.3.3. Жеңімпаздың жүлдені кез келген себеппен алмауы.

6.4. Жұлдені ала отырып, әр жүлдегер өзінің аты, тегі, әкесінің аты және Науқан барысында олардың қатысуымен түсірілген бейне және фото материалдар Ұйымдастырушының өз қалауы бойынша көпшілікке қолжетімді болатынына және Ұйымдастырушы оларды осы тұлғаларға қандай да бір өтемақы төлемей және әрі қарай хабарламай, аудио-, фото- және бейне материалдарында пайдалана алатынына келісімін растайды. Сондай-ақ, әрбір жүлдегер Науқанға қатысу туралы, соның ішінде радио және телевидение үшін, басқа бұқаралық ақпарат құралдары үшін жарнамалық сұхбаттарға қатысуға және де Ұйымдастырушының және/немесе Ұйымдастырушының тапсырмасы бойынша үшінші тұлғалардың фото және бейне түсірілім жүргізуіне келісімін растайды. Осыдан басқа, жүлдегер Ұйымдастырушының Науқанды өткізу мақсатында жүлдегердің жеке басының деректерін пайдалануына (жинау және өңдеу) келісімін растайды.

7. САЛЫҚТАР МЕН ШЫҒЫНДАР:

7.1. Науқан жүлделерін ұтып алған тұлғалар жүлделерді алғанда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес туындаған табыс салығын төлеу мен уақтылы есептілік үшін бюджет алдында жауапты.

7.2. Науқан Қатысушыларының жүлделерді алуына байланысты туындауы мүмкін, бірақ осы құжатта айтылмаған барлық басқа төлемдерді Науқанның жүлдесін/жұлделерін алатын Науқан Қатысушылары өз бетімен төлейді.

7.3. Абоненттер және/немесе Науқанға Қатысушылардың жүлделерді алу үшін Ұйымдастырушының Абоненттерге қызмет көрсету орталығына қоңырау шалуы салдарынан туындаған шығындары және/немесе оларды жеткізу шығындары және де Науқан бойынша

кез келген ақпаратты алуға кеткен кез келген шығындары үшін Ұйымдастырушы жауапкершілікті көтермейді.

8. ҚОСЫМША ШАРТТАР:

8.1. Ұйымдастырушы, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмесе, осы Ережелерді өзгерту және осы Науқанға қатысты қосымша ақпаратты жариялау құқығын өзіне қалдырады.

8.2. Ұйымдастырушы мобильді телефондарға меншік, иелік ету немесе пайдалану құқығы туралы кез келген даулар үшін жауапкершілікті көтермейді. Ұйымдастырушыға және/немесе Ұйымдастырушының аймақтық өкіліне мобильді телефон ұсынған тұлға, егер осы тұлға абоненттік нөмірдің тіркелген иегері/абоненті болса немесе өз құқықтарын тиісті растау ұсынса (4 бөлімді «Жұлделерді табыстау» қараңыз), оның нағыз иегері болып есептеледі.

8.3. Осы Ережелерге сәйкес жүлдені алу құқықтарын растайтын талаптарға қатысты Ұйымдастырушы ешқандай хат алысуға немесе қандай да бір түсініктеме беруге міндетті емес.

8.4. Ұйымдастырушының өнеркәсіптік ақау және ұялы желілерінде, жабдығында орын алуы мүмкін техникалық және технологиялық қателер үшін жауапкершілікті көтермейді.

8.5. Ұйымдастырушы Ұйымдастырушының абоненттерін Ұйымдастырушының қызметтерді пайдалануға ынталандыру мақсатында ұйымдастырады және өткізеді.

8.6. Науқанды өткізуге байланысты барлық даулар келіссөздер арқылы шешілу тиіс. Бейбіт түрде келісімге келу мүмкін емес болса, дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының тиісті сотында қаралу тиіс.

8.7. Науқанды өткізу барысында Қатысуш үшінші тұлғалардың құқығын бұзғанына байланысты үшінші тұлғалар тарапынан Ұйымдастырушыға шағым түскен жағдайда, Қатысушы осы дауларды өз бетімен шешу жауапкершілігін өзіне алады;

8.8. Оператор осы Науқанды өткізу ережелерін <http://www.activ.kz/> сайтында жариялайды.

8.9. Ұйымдастырушы өзі өткізетін осы Науқанға қатысты қосымша ақпаратты жариялау құқығын өзіне қалдырады. Қосымша немесе жаңартылған ақпарат <http://www.activ.kz/> web-сайтында және/немесе басқа республикалық және/немесе аймақтық БАҚ-та қолжетімді болуы мүмкін.

8.10. Ұйымдастырушы қандай да бір жүлделердің Қатысушылардың жеке күтімдеріне сай келмегені үшін жауапкершілікті көтермейді.

Науқанға қатысты барлық сұрақтар бойынша Абоненттер Ұйымдастырушының Call орталығына қоңырау шала алады: Activ абоненттері үшін 3030

**НАУҚАНҒА ҚАТЫСА ОТЫРЫП, АБОНЕНТТЕР ОСЫ ЕРЕЖЕЛЕРМЕН
ТАНЫСҚАНДЫҒЫН ЖӘНЕ КЕЛІСЕТІНДІГІН РАСТАЙДЫ.**